

Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту мүмкіндіктері

МАҚСАТЫ: БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДІҢ ПӘНДІК МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА БАСТАУЫШ
СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

КУЗЕМБАЕВА КАМИЛА АСЫПОВНА

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР



- «**trend**» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «тенденция, үрдіс» дегенді білдіреді. Жақын арада сұранысқа ие немесе танымал деп белгіленген/болжанатын ұмтылыс, бағдар ұғымы. Сонымен қатар, тренд «мүмкін, ықтималды вектор немесе даму жолы»
- «**Тенденция**» термині педагогика үшін дәстүрлі ұғым болып табылады және латын тілінен аударғанда – ұмтылыс, бағыт, яғни педагогикалық білімнің бағыты мен өзгермелілігі дегенді білдіреді.
- **Бастауыш сынып мұғалімі:** *сұранысқа ие, мобильді, креативті, бәсекелесе алатын, өзгеріске дайын, 21-ғасыр дағдыларына ие болуы қажет...*

Бастауыш білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негіздері



- . Білім берудегі құндылықтар «Мектепте не үшін оқу керек?» деген сұрақ аясында қарастырылады.
- Білім беру парадигмасының ауысуы білім беру стандартын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын, оқулықтар мен ОӘК жаңартуды ғана емес, сондай-ақ **білім алушыларда** алған білімін пайдалану дағдыларын қалыптастыруға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ақпаратты талдау және жинақтай білуге, сондай-ақ жеке тұлғаны рухани тәрбиелеуге, қазіргі жас азаматтың адамгершілік бейнесін қалыптастыруға ерекше назар аударылатын жаңа технологиялар мен әдістемелерді пайдалануды көздейді.
- Қазіргі білім берудегі басым бағыт құзыреттілік тәсілдемесіне көшу болып табылады. Құзыреттілік тәсілдеменің мәні – білімнің орталықтандырылған парадигмасынан **іс-әрекетке көшу**, оқу мақсаттарын оқыту нәтижелеріне айналдыру.
- *Оларға:*
 - - ғылыми ойлаудың заманауи жетістіктері негізінде адамның дүниетанымын қалыптастыру, әлемдегі рухани және **ұлттық-мәдени құндылықтарға** бағдарлану; (жаһандану дәуірінде басқа ұлттардың ықпалында жойылып кетпей ұлттық бірегейлікті сақтап қалу үшін...)
 - - оқушыларды қоршаған әлемді ғылыми тұрғыдан **тану, болжау және жобалау** құралдарын, аналитикалық және **сыни ойлау** технологияларын меңгеруге ынталандыру және үйрету;
 - - қарқынды дамып келе жатқан көпмәдениетті әлем жағдайында табысты болу және **әлеуметтік рөлдерді** орындау құзыреттілігін дамыту жатады.



Құзыретті педагог

Бала қажеттілігін ескеруі;
Іс –әрекетке басымдық беру;
Ұлттық-мәдени құндылыққа бағыттауы;
Сыни ойландыратын;
АКТ ны қолдану;
Белсенді іс әрекетке тарту;
Білімді функционалдық тұрғыдан және шығармашылықпен қолдану;
Тілдік дағдыларды қолдану
Бірлескен жұмыс ортасын ұйымдастыру

Ғылыми ақпаратты қолжетімді ұсыну

Мақсат пен күтілетін нәтиже сәйкестігі
Зерттеулерді жоспарлау және жүзеге асыру
Кеңістікті тиімді пайдалануы

Тану, болжау, талдау, ойлануға, бағыттауы

Рефлексия жасау

Қазіргі қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкестігі;

Позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;

Оқу пәндері мазмұнының ықпалдастығын күшейтудің орындылығы;

Оқытудың, тәрбиелеу мен дамытудың біртұтастығы



Табысты оқушы

Өзін бақылау және басқару
Командада жұмыс жасау
Өздігінен шешім қабылдау
Баға үшін емес, білім үшін оқу
Алған білімін өмірде қолдану
Өзін өзі бағалау және реттей алу
Сыни ойланатын
Қарым-қатынасқа түсе алатын
Ойын еркін жеткізетін
Мүмкіндігіне қарай қажеттілігін түсіну
Топта, жұпта, жеке жұмыс жасай алу
Сұрақ қоя алатын
Жаңалыққа құштар болу

Білім беру ТРЕНДІ: Белсенді іс әрекет Жаһандық құзыреттілік Функционалды сауаттылық Рефлексия

Жаратылыстану

Бақылау және эксперимент
Шағын зерттеу
Сынап көру
Жасау
тәжірибе



Математика

Модельдеу
Салыстыру
Ажырату
Есептеу
Өлшеу
Логика



Әдебиеттік оқу мен қазақ тілі

Тілдік дағды
Оқылым
Айтылым
Жазылым
Тыңдалым
Әлеуметтік рөлдерді орындау
Сұрақ қою



Дүниетану

Бақылау
Болжау
Бағамдау
Ортаға бейімделу
Азаматтық ұстаным
Әлемді тану
Тұтас бала бейнесі



Бастауыш білімге қойылатын заманауи талаптар: сауаттылық және жаһандық құзыреттілік



Адамның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті және әдетте бастауыш мектепте игерілетін білім-білік, дағдылардың (оқу, жазу, сурет салу және т.б.) минималды жиынтығы ретінде қарастырылатын сауаттылықтың қарапайым идеясы қазіргі заманғы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін **жеткіліксіз** болып отыр

- PISA халықаралық зерттеулері функционалдық сауаттылықты құрайтын үш компонентті қарастырады:
- 1) **оқу сауаттылығы** – адамның өз мақсаттарына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік өмірге қатысу үшін мәтіндерді түсіну, қолдану, бағалау, олар туралы ойлану және оқумен айналысу қабілеті;
- 2) **математикалық сауаттылық** – адамның математиканы әртүрлі мәнмәтінде (жеке, әлеуметтік, кәсіби, ғылыми) тұжырымдау, қолдану және түсіндіру қабілеті. Бұл қабілет математикалық ойлау, құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжау үшін математикалық ұғымдарды, процедураларды, фактілер мен құралдарды қолдануды қамтиды. Бұл адамдарға математиканың әлемдегі рөлін түсінуге, жақсы негізделген пікірлер айтуға және сындарлы, белсенді және ойлы азамат үшін қажетті шешімдер қабылдауға көмектеседі;
- 3) **жаратылыстану сауаттылығы** – адамның жаратылыстану ғылымдары мәселелерін білу және сұрақтар қою үшін, жаңа білімді игеру, жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру және жаратылыстану проблемаларына байланысты ғылыми дәлелдемелерге негізделген тұжырымдар жасау үшін жаратылыстану білімдерін меңгеру және пайдалану қабілеті; жаратылыстанудың негізгі ерекшеліктерін адам танымының нысаны ретінде түсіну; жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың қоғамның материалдық, зияткерлік және мәдени салаларға әсер ететіні жөнінде хабардар болуын көрсету; жаратылыстану ғылымымен байланысты мәселелерді қарастыру кезінде белсенді азаматтық ұстанымды көрсету

ПЕДАГОГ қүзыреттілігінің шыңдалуы

- Үздіксіз білімін жетілдіру
- Өзгермелі өмірді қабылдау
- Сұранысқа сәйкес болу

